

## **КӨПТІЛДІЛІК – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ БАСЫМДЫЛЫҒЫНЫҢ БІРІ**

Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы деп саналады. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының шет елдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Көптілді тұлғаны қалыптастыру – жаһанданып жатқан әлемнің талабы.

Үш тілді оқыту заман талабы десек, оның негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті мәдени тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Үштұғырлы тіл қазіргі уақытта қалыпты жағдай болып саналады. Қазақстандағы бәсекеге қабілетті, білімді, білікті азаматтар әлемдегі түрлі ақпараттар мен инновацияларды игеруге және алға ілгерілеуге жетелейді. Шет тілін меңгерген азаматтарға қай ортада жұмыс істесе де жол ашық. Мемлекеттік тіл туғаннан қанымызға сіңген орны ерекше тіл, орыс тілі – ұлттаралық қарым-қатынас үшін, ал ағылшын тілі – әлемдік экономикада өзімізді таныту, қауымдастыққа кіру үшін қажет болып отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Президентінің «Үштұғырлы тіл» бағдарламасы әлемге басқа қырынан танылуға мүмкіндік береді. Яғни, келешек ұрпақтың әрі қарай дамуындағы заман кілті ол – үштілділік, үштұғырлылық. Осы мәселе бойынша дамыған 30 ел қатарына кіру, «100 нақты қадам» бағдарламалары іске қосылды. Оны іске асыру қазіргі заман азаматтары мен азаматшаларының қолында. Ал олардың жылдам әрі оңай меңгеруі үшін балабақшада, мектепте, ЖОО-да көп еңбек жасалуы керек.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез қасиеттерімен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі қай заманда да өз мәнін жоймақ емес. Мемлекетіміздің саяси, экономикалық, мәдени байланыстары бірнеше тілде білім алуды қажет етеді. «Тілдің үштұғырлығы» тіл саясаты бағдарламасы күні кеше ғана айтылған дүние емес. Президентіміз аталмыш тілдік стратегияны 2004 жылы жария еткен болатын. Бұл – тарихи қажеттілік. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандырады қажет ететіні белгілі. Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі – өмір өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу. Бүгінгі Қазақстанға технологиялық, ғылыми, медициналық және басқа да салалардағы жаңалықтарды халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтатын, көп тілді меңгерген мамандар даярлау қажеттілігі туындап отыр. Замана ағымына лайықты қазіргі алдымызда тұрған міндет – халқымыздың ұлттық дербестігін сақтай отырып, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу.

Тіл – адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құрал. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Онда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірбиесі мен даналығы бар. Тіл – оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізі, арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні. Халықаралық кеңістікте қалыптасып келе жатқан көп тілдік жағдай қоғамдық қызметтің қай саласында болмасын жеке адамға деген қосымша жаңа талаптарын ұсынуға. Мұның үстіне белгілі бір мамандықты игеріп қана қоюдың жеткілікті бола бермейтіндігін күнделікті өмірдің өзі көрсетуде.

Қазіргі қазақстандық білімнің өзекті мәселелерінің бірі – көп тілді тұлға қалыптастыру. Бұл мәселенің өзектілігі еліміздегі жүргізіліп отырған үш тұғырлы тіл саясатымен, «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасының кезеңдік жүзеге асырылуымен байланысты. Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың бірінші баспалдағы. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ену тілі болып есептеледі, сондықтан осы тілдерді оқыту сапасын арттыру жүзеге асырылуда. Көптілділік және жаһандану, ұлттаралық қарым-қатынас мәселелері жағдайында білім алушыларды өмірге бейімдеу үшін бір

немесе бірнеше тілді меңгерту қазіргі әлемдік тенденцияларға сай жүзеге асырылып отырылуы қажет.

Көптілділік интеграция факторы ретінде көптілді тұлғаның жарқын болашағына кепілдік беріп, әлемдегі барлық құндықтарға қол жеткізуге мүмкін береді. Көптілді мәдениет пен қазіргі тіл білімі адамға тек қана өзінің ұлтының өкілі ғана емес, көптілді кеңістікте қалыптасқан тұлға ретінде танылуына жағдай тудырады. Коммуникативті құзіреттілік мобильдікті қамтамасыз етіп, уақып пен қоғамның талабын қанағаттандырады.

Үш тілді меңгеру – жарқын болашақтың кепілі. Мемлекеттік тілді, Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту және тілдердің үштұғырлығы қағидатын іске асыру, шет елдегі отандастармен мәдени байланыстарды нығайту және дамыту, үштұғырлы тіл– жай ғана әдемі тұжырымдама емес немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол –өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, «ақылды» экономиканы еңгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Ал бұл бағыттағы толайым табыстарға ілім-білімге алып барар жол –ғаламшардағы үстемдік құрған тілдерді үйрену.

Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Ағылшын тілін оқыту – жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, баланы жан-жақты дамытатын, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күннің басты талабы. Әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындай түседі.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзінді орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің халыққа арналған Жолдауында Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының ірге тасын қалаған басты құндылықтар жасалғанын, осы құндылықтардың бірі тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы екенін атап өтті.

Елбасының Халыққа Жолдауы біздің болашақ өсуіміздің, өркендеуіміздің нақты бағдарламасы іспетті. Мұның өзі бұрыннан бері дәстүрге айналып келе жатқан игі жақсылық. Көптілді білім беру дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту – қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде асырылады. Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халықына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иеленіп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері сөзсіз. Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлығын міндеттеп отыр. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандану заманы тілдерді білуді талап етеді.

Қазіргі уақытта «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуге ерекше мән беріліп отыр. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтасырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударылады. Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқыту, көптілділікті меңгеруді жолға қою – бүгінгі таңда орта білім жүйесіндегі педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі жаһандану, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістер енгізіп отыр. «Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру», - деп Елбасымыздың Жолдауында айтылғандай, еліміз қай саласында болмасын қарқынды дамып, әлемдік кеңістікке қарыштай қадам басып, еркін қанат сермеуде. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің салиқалы саясатының арқасында еліміз береке мен бірліктің, ынтымақ пен достықтың татулықтың өлкесі болып, көпұлтты мемлекетке айналып отыр. Осы орайда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Біз – көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін болмыз»[2,24], - деген еді. Елбасымыз Қазақстан халқы ассамблеясының ХVІІ сессия отырысында Қазақстан аймағынада тұрып жатқан халықтардың басын қосатын тіл қазақ тілі болуы керек деп анық атап айтты: «Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы шуақтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар. Ол – біздің талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз. Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз» [3,7]. Бүгінгі

білім бері жүйесі модернизацияланған заманда көптілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. «Келешекке кемел біліммен» деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр. Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды, қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор[4.41]. Ағылшын тілі әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһандандудың кепілі. «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздермен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек». «Үштілділік – нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы», - деп Б. Хасанұлы анықтама бергендей[5.4], бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынуда. Осы орайда құрылған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдармаласының» басты мақсаты: қазақ тілінің мәртебесін көтеру; мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу; ағылшын тілін меңгерту; орыс тілін жетік білу; әр ұлттың тілдерін дамыту; оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау; тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу. Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп ақын жырлағандай өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл – заман талабы», - деген Елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда бала бақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ғана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынуда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында мұғалімдерге сенім арта отырып, жастарымыздан үміттенеді. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деп айтылғандай[5.4], жастарды сауатты баулысақ, болашағымыздың жарқын болатыны белгілі. «Мен сөзімді әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Мен Сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер»-деген жолдарда жастарымызға деген үміт пен сенім жатыр[2.57]. Сондықтан да жастарымыздың болашағы үшін әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер ашылып мен кәсіптік-техникалық колледжер ашылып, «Болашақ» бағдарламасының негізінде олардың шетелге шығып білім алуына жан-жақты жол ашылған. Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның болашақта алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады». Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің жолдарын іздеуде. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу ағылшын пәні мұғалімдерінің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл ретте беріліп отырған бағдарламаға сай үш тілді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды бере отырып, білім алушы-субъектінің ізденісін, яғни жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз. Өз тәжірибемізде білім алушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сияқты ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша. Білім алушылармен

үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болады. Сондай-ақ, электрондық оқулықтар, презентациялар, тест тапсырмалары және т.б. білім алушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрті болады. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да білім алушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланады.

Қорытындылай келе, үштілді меңгерген азаматтардың болашағы жарқын, елін дамытуға мүмкіндігі жоғары. Осы заманның талабы да, сұранысы да сол бағдарламада негізделген.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рақымжанова С. Қ. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2007, – №5. – 78 б.
2. Сақтағанова М.С., Алиева Н. Қ., Айтбаева Н. Қ. Ағылшын тілін оқытудың әдістері// Білім. – 2006. – №3. – 43б.
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – №3/2007. – 21б.
4. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – №5/2007. – 6б.
5. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – №4/2008. – 27б.

**Кадина Ж.З., Сатеева Б.С.**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

**Төлеутай Гүлнұр**

«Тілек» балабақшасының тәрбиешісі, Қарағанды қ.

### ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ ІРГЕТАСЫ – БАЛАБАҚШАДАН

Білімді, саналы, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың тәрбиесі мен білімінің тереңдігімен өлшенеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту делінген [1]. Ал, жалпы адамзаттық құндылық бастауы отбасындағы бесік тәрбиесінен, мектепке дейінгі білім беру мекемесінен қалана бастайтыны анық. Халық даналығында «Баланы өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»- дейді, ұрпағымызды ұлтымыздың өз тамырынан алшақтап қалмайтындай етіп, дәстүр салтын танымына сіңіре тәрбиелей алсақ келешекте ұстанымы берік, құндылықты бағалай білетін, кез келген жаһандық жаңаруда жат сипаттағы үлгіні санасымен салмақтайтын, бәсекеге төтеп бере алатын мемлекетіміздің сенімді келешегі болар еді. Осы ретте алғашқы баспалдақ саналатын балабақшадан баланың ұлттық табиғатына тән тәрбие мен білім сіңіре алуымыз керек. Мемлекет нұсқаған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын іске асыру мақсатында әрбір білім беруге үлес қосушы, педагог мамандар білім мен тәрбие берудің әртүрлі деңгейлерінде өмір бойы оқу жүйесін құруда мектепке дейінгі білімнен бастап жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету мәселелерін саралап алуы қажет.

Білім беру өмірдің сұранысы мен талаптарына жауап береді, жаһандану, ақпараттың шексіз ағылған кезеңінде ұрпақ санасына түп іргетасты, мықты етіп орнықтыру мемлекет келешегі үшін жұтылып кетпедің бір шарты. Әртүрлі өмірлік сфераларда ұрпақтардың сабақтастығын қамтамасыз етеуде тұлғаның дүниеге көзқарасының, әлемге және өз-өзіне деген адамгершілік қатынасының қалыптасуындағы басты рөл Отанына деген зор құрметпен шектесуі тиіс.

Отан – асыл ұғым. Ол отбасынан басталып, тұтас бір мемлекетті жұмылдырып тұрған ұлы күш. Сондықтан да білімінің бастуын халқымыздың отбасылық ерекшелігінің қадір – қасиетін, ата салтымыздың мәдени негізін баланың жас кезінен сана-сезіміне сіңіріп отыруымыз абзал. Ұлтымыздың отбасылық өміріндегі табиғатына тән құбылыс-сыйластық қарым-қатынас «ыммен» жылы қабақпен, көзбен түсінісу – салмақтылық пен сабырлылық. Үлкенге ізет көрсету, кішіге көмек қолын созу, әкені-асқар тау, ананы-жылы ұяның ұйытқысы, – деп тану. Кішкентайынан әрбір орындалып жатқан салт-дәстүрге тікелей араласқан бала қисапсыз мол дерекке қанығып, ділінде түпкілікті танымды қалыптастырады. Яғни, халық дәстүрін танып-түсіну әрбір баланың өз басындағы